

# **МӘМС жүйесіндегі қызметтер және жекелеген санаттар үшін төлем тәртібі**



# Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі Біз ол туралы не білеміз?

МӘМС жүйесі жинақтаушы Қор болып табылмайды. Бұл жарналар мен аударымдардың мөлшеріне қарамастан, пациенттердің МӘМС медициналық қызметтеріне тең қолжетімділігіне ие әлеуметтік жүйе

МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесі жоқ пациенттер ТМККК тізбесіне кіретін медициналық көмекті ала алады, бірақ МӘМС пакетіндегі медициналық қызметтерге қол жеткізе алмайды



# ТМКК - не қолжетімді?

Қазақстан Республикасының Конституциясы 29 бабы  
Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді  
медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы



МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ  
ҚОРЫ

- жедел медициналық көмек және медициналық авиация
- алғашқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК)
- АИТВ инфекциясы мен туберкулез диагностикасы
- жарақаттар, уланулар, шұғыл жағдайлар (жарақат пункті)
- қабылдау бөлмесінде және тәулік бойы шұғыл медициналық көмек сақтандырылмағандарға арналған стационарда
- тәуліктік, күндізгі және стационардағы жоспарлы медициналық көмек созылмалы және әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде үйде
- 1-кезеңді медициналық оңалту және туберкулез кезінде паллиативтік медициналық көмек
- донорлық
- ҚР азаматтарын шетелде емдеу және шетелдік мамандарды тарту
- дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

● айналасынағыларға қауіп төндіретін аурулар


шетелдіктер және азаматтығы жоқ  
ҚР-на уақытша келушілер

## АЛУШЫЛАР

- ҚР азаматтары
- кандастар(оралман)
- босқындар
- ықтиярхаты бар шетел азаматтары
- ықтиярхаты бар азаматтығы жоқ тұлғалар

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және ҚР Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы"  
ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысы





# СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАРЫ БАР АДАМДАР ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛА АЛАДЫ?

1



**АУРУЛАРДЫҢ 25 ТОБЫ**



Тіркелген жері бойынша  
емханада



ТМККК шеңберінде

2



**АУРУЛАРДЫҢ 37 ТОБЫ**



ТМККК шеңберінде  
мамандандырылған  
орталықтарда



ТМККК шеңберінде

3



**АУРУЛАРДЫҢ 80 ТОБЫ  
МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ**



Мамандандырылған  
орталықтарда



ТМККК және МӘМС  
шеңберінде



- Учаскелік дәрігер мен медбикені қабылдауы
- Бейінді мамандардың консультациясы
- Зертханалық және диагностикалық зерттеулер





# ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ БАР АУРУЛАРМЕН АУЫРАТЫН НАУҚАСТАР ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ АЛА АЛАДЫ?



МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ  
ҚОРЫ

**Әлеуметтік мәні бар ауруларды бақылау пациент тіркелген жердегі емханада немесе мамандандырылған орталықтарда жүргізіледі:**

**Туберкулез**-туберкулезге қарсы орталықтар

**Адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған ауру**-ЖИТС-тың алдын алу

және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар

**Созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр циррозы**-тіркелген жері бойынша емхана / гастро- гепатология орталықтары

**Қатерлі ісіктер**-онкология орталықтары

**Қант диабеті**-тіркелу орны бойынша емхана

**Психикалық, мінез-құлық бұзылулары (аурулары)** – психикалық денсаулық орталықтары

**Детский церебральный паралич** – поликлиника по месту прикрепления

**Жіті миокард инфарктісі** (алғашқы 6 ай) – тіркелген жері бойынша емхана

**Ревматизм**-тіркелген жеріндегі емхана

**Дәнекер тіннің жүйелі зақымдануы**-тіркелген жері бойынша емхана

**Жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары**-тіркелген жеріндегі емхана

**Орталық жүйке жүйесінің демиелинизациялық аурулары**-тіркелген жеріндегі емхана

**Орфандық аурулар**-тіркелген жері бойынша емхана



Пациентте белгіленген әлеуметтік мәні бар ауру болған жағдайда, мамандардың мерзімді жоспарлы қабылдауы, диагностикалық зерттеулер (аспаптық және зертханалық), сондай-ақ үчаскелік дәрігердің және медбикенің қабылдауы және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету әлеуметтік мәні бар ауруды амбулаториялық деңгейде емдеу тізбесіне кіреді. Егер пациентте созылмалы аурудың асқынуы пайда болса немесе жоспарлы сауықтыру талап етілсе, онда мұндай пациент күндізгі немесе тәуліктік стационарға жатқызылуы мүмкін

«Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығы

# МӘМС - сіз қандай медициналық қызметтерге жүгінесіз?



- аурулардың алдын алу және ерте анықтау
- аурулардың диагностикасы
- бейінді мамандарды қабылдауы және кеңес беруі
- қабылдау бөлмесі мен тәулік бойы стационардағы шұғыл медициналық көмек
- тәуліктік, күндізгі және үйдегі стационардағы жоспарлы медициналық көмек
- медициналық оңалту
- патологиялық-анатомиялық диагностика
- донорлық
- дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

## АЛУШЫЛАР

- ҚР азаматтары
- ыхтияр хаты бар шетелдіктер
- азаматтығы жоқ бірақ ыхтияр хаты барлар
- қандастар
- ҚР аумағына ЕАЭО елдерінен уақытша келген шетелдіктер мен олардың отбасы мүшелері- еңбек мигранттары ( жұбайы және балалары)



"Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы"  
ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысы



## Жоғары мамандандырылған медициналық көмек

Коронарлық  
артериясының шунттауы

Бір операцияның  
сомасы 3,1 млн.  
тенге

Түркістан облысы  
бойынша 95  
операция өткізілді

Ми тамырларына  
эндоваскулярлық  
операциялар

Бір операцияның  
сомасы 5,8млн.  
тенге

Түркістан облысы  
бойынша 20  
операция өткізілді

Эндоваскулярлық  
эмболизация немесе  
бас пен мойынның  
тамырлы окклюзиясы

Бір операцияның  
сомасы 5,8 млн.  
тенге

Түркістан облысы  
бойынша 51  
операция өткізілді

Кардиовертер мен  
дефибрилляторды  
имплантациялау

Бір операцияның  
сомасы 8 млн.  
тенге

Түркістан облысы  
бойынша 11  
операция өткізілді





## ТМККК ЖӘНЕ МӘМС-тегі ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

### МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛУ КЕЗІНДЕ ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ\*

Медициналық көмек алатын пациенттер қамтамасыз етіледі

- ▶ жедел медициналық жәрдем бригадасы шыққан кезде
- ▶ амбулаториялық жағдайда
- ▶ стационарды алмастыратын жағдайларда
- ▶ стационар жағдайында



**Дәрілік көмек пациент медициналық көмек алған сәттен бастап көрсетілуі тиіс**

### ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ\*

Төмендегі пациенттер қамтамасыз етіледі

- ▶ диспансерлік есепте тұрғандар
- ▶ жекелеген аурулары және жай-күйлері бар пациенттер



**емделушілерге рецепт бойынша дәріханада жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде беріледі**

*\*медициналық көмек көрсету кезінде - диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес*

*\*амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету кезінде -»ҚР белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ - 75 бұйрығына сәйкес*



МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ  
ҚОРЫ





# ТМККК ЖӘНЕ МӘМС АРҚЫЛЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАНДАЙ САНАТТАРЫ СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛА АЛАДЫ?

ТМККК және МӘМС арқылы стоатологиялық көмекті барлық азаматтар ала алмайды. Бұл азаматтардың санаттары Денсаулық сақтау министрінің № 106 бұйрығымен бекітілген, бұл халықтың жеке топтары:

## ШҰҒЫЛ СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК АЛА АЛАДЫ:

- 18 жасқа дейінгі балалар
- Жүкті әйелдер
- Отан соғыс ардагерлері
- I, II, III топ мүгедектері
- Көп балалы аналар, "Алтын алқа", "Күміс алқа" марапат иелері
- Атаулы әлеуметтік көмек алушылар
- Зейнеткерлер
- Инфекциялық, әлеуметтік мәні бар аурулармен және айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулармен ауыратын ауқастар
- Мүгедек баланы күтіп-бағуды жүзеге асыратын жұмыс істемейтінадамдар
- Бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар

## ЖОСПАРЛЫ СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК АЛУҒА БОЛАДЫ:

- Жүкті әйелдер мен балалар

- Пациенттер стоматологиялық көмекті учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз ала алады
- Міндетті шарт болып стоматологиялық клиника ӘМСҚ қамтамасыз етушілердің дерекқорына кіруі есептеледі

ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-106/2020 "шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмекке жататын халықтың жекелеген санаттарының тізбесін бекіту туралы" бұйрығы





ҚР «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ заңына сәйкес, 3) мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың ортақ жауапкершілігіне жүктелген. Заңның 26-бабына сәйкес, мемлекет 15 жеңілдік санатқа жарна төлейді. 2024 жылы мемлекеттің бір азаматқа төленетін жарнасы айына 5852,63 теңгені құрайды.



## **15 жеңілдік санатына кіретіндер үшін жарналарды мемлекет төлейді**

*\*2024 жылы бір адамға айына 5852,63 теңге төленеді*





# МӘМС-ке жарнасын мемлекет төлейтін жеңілдік санатындағы азаматтар

- 18 жасқа дейінгі балалар
- жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар
- жұмыс істемейтін жүкті әйелдер
- үш жасқа дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын жұмыс істемейтін адамдар
- жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуға байланысты, сондай-ақ бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыстағы тұлғалар
- мүгедек баланы күтіп-бағатын жұмыс істемейтін тұлғалар
- I топтағы мүгедектерге күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар
- зейнетақы төлемдерін алушылар мен ҰОС ардагерлері
- қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген адамдар
- тергеу изоляторларында және ұйқамақта отырған адамдар
- жұмыс істемейтін қандастар
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар
- мүгедектер
- орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алатын адамдар
- жұмыс істемейтін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар

"Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" ҚР 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ заңы





Заңның 27- бабы бойынша жұмыс беруші қызметкер үшін жалақының 3 % мөлшерінде аударымдар жүргізеді. Бұл ретте салық салынатын ай сайынғы табыс 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауы тиіс. Яғни, жұмыс беруші аударымдарының ең жоғары төленетін сомасы айына 25 500 теңгені құрайды. Бұл қаражат қызметкердің жалақысынан ұсталмайды. Яғни, жұмыс беруші кәсіпорын есебінен төлейді. 30-бабы, 1-тармақшасына сәйкес, жұмыскерлердің, оның ішінде мемлекеттік және азаматтық қызметшілердің аударымдарын және (немесе) жарналарын есептеуді (ұстап қалуды) және аударуды жұмыс беруші ай сайын жүзеге асырады.



## Жұмыс берушілер – қызметкер жалақысының 3% төлейді

**\*25 500 теңгеден аспайды**

*салық салынатын ай сайынғы табыс 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауға тиіс*





Заңның 28-бабына сәйкес, Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарты негізінде қызмет көрсететін жалдамалы жұмыскерлер мен қызметкерлер МӘМС-ке ай сайынғы табысының 2% мөлшерінде жарна төлейді. Салық салу объектісі барлық жұмыс орындарынан айына 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауы тиіс, яғни қызметкердің жалақысына қарай, төлейтін ең жоғары жарнасы 17 000 теңгені құрайды.



## Жалдамалы қызметкерлер жалақысының 2% төлейді

**\*17 000 теңгеден аспайды**

*салық салынатын ай сайынғы табыс 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауға тиіс*





Кейбір азаматтар екі жерде жұмыс істейді. Бұл жағдайда төлемдерді есептеу үшін **шекті табысты ескеру керек – ол 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге).**

*Мысалы, қызметкер А ұйымынан 550 000 теңге жалақы алса, Б ұйымынан 400 мың теңге түседі. Оның ортақ табысы 950 000 теңге, яғни, шекті салық салынатын кірістен жоғары.*

*Бұл жағдайда бірінші жұмыс беруші 11 мың теңге көлемінде жарна ұстап, 16 500 теңге көлемінде аударым жасайды.*

*Екінші жұмыс орнында оған 6 000 теңге (жарнаның ең жоғары мөлшері 17 мыңнан төленген 11 000 теңге жарнаны шегергенде) жарна төлейді.*

*Аударымдардың мөлшері 18 000 теңгені құрайды (аударымдарды есептеу үшін табыс қосылмайды).*



## **ЕКІ ЖЕРДЕ ЖҰМЫС ЖАСАСА, МӘМС ҮШІН ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙДІ?**

### **Жалдамалы қызметкерлер:**

**Төлемдерді есептеу үшін шекті табыс**  
*10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге)*

**Аударымдардың шекті мөлшері**  
*25 500 теңге (850 000 теңгенің 3%)*

*Әр жұмыс орнынан жеке жеке есептеледі*

**Жарналардың шекті мөлшері**  
*17 000 теңге (850 000 теңгенің 2%)*

*Барлық жұмыс орынанан түсетін ортақ табысы ескеріледі*

**Қызметкер төлемдерді дұрыс есептеу үшін  
бірінші жұмыс орнынан екіншісіне анықтама  
тапсыру керек**

### **Жеке кәсібі бар жалдамалы қызметкер:**

**Негізгі жұмыс орнынан төленген төлемдерден  
басқа, жеке кәсіпкер ретінде жарналар мен басқа  
да міндетті төлемдерді төлейді**



Жалақыдан ұсталатын бірыңғай төлем – бұл бірқатар салық төлемдерін есептеудің стандартты әдісіне балама. Жалақыдан ұсталатын мындай бес төлемді біріктіреді:

- міндетті зейнетақы жарналары;
- әлеуметтік аударымдар;
- МӘМС жарналары;
- МӘМС-ға аударымдар;
- жеке табыс салығы.

Бірыңғай төлемді жеңілдетілген декларация және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық режимі бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкер мен шағын және орта бизнестің заңды тұлғасы пайдалануға рұқсат береді.

2024 жылы бірыңғай төлем мөлшерлемесі еңбекақы төлеу қорының 21,5% құрайды. Бірыңғай төлемді ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияның шотына бір төлеммен жүргізіледі.



**Бірыңғай төлемді жеке кәсіпкер мен шағын және орта бизнес өкілдері, жеңілдетілген декларация бойынша немесе арнайы салық режимдерінде жұмыс істейтіндер (ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін) төлейді**





1 қаңтардан **БЖТ қолданылу мерзімі аяқталғандықтан, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар** мәртебені екі жолмен ала алады:

- жеке кәсіпкер ретінде тіркелу және жарналарды ЖК ретінде төлеу;
- жарналарды дербес төлеуші ретінде төлеу.

Мемлекет 15 жеңілдік санатына кіретін азаматтар үшін 2024 жылы 5852,63 теңге жарна төлейді.



## **2024 жылдың қаңтарынан бастап БЖТ болмайды**

**Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар келесі тәсілдермен сақтандырыла алады:**

- *жеке кәсіпкер ретінде тіркелу және жарналарды жеке кәсіпкер ретінде төлеу*
- *жарналарды дербес төлеуші ретінде төлеу*







**Дербес төлеушілер** ең төменгі жалақының 5% көлемінде, яғни 4 250 теңге жарна төлейді.

Естеріңізге сала кетейік, МӘМС жүйесінде сақтандырылу үшін өткен 12 айдың берешегін жабу керек немесе алдағы 1 жылға жарна төлеуге болады. Бұл жағдайда төлемді әр айға жеке-жеке төлеген жөн.


**Жеке кәсіпкерлер** 1,4 еселенген ЕТЖ-дан 5% төлейді. 2024 жылы:  $(1,4 * 85\ 000) * 5\% = 5\ 950$  теңге.

Егер жеке кәсіпкер есептілікті «нөлмен» тапсырса, бірақ өз қызметін ресми түрде тоқтатпаса, онда ол Салық кодексі талап еткендей жарналарды төлеуді жалғастыруы керек екенін есте ұстаған жөн. Әйтпесе, қарыз пайда болады.



**Дербес төлеушілер**  
1 ең төменгі  
жалақының 5%-ын  
төлейді,  
яғни 4 250 теңге

**Жеке кәсіпкерлер**  
1,4 еселенген ең  
төменгі жалақының  
5% төлейді,  
яғни 5 950 теңге





# Ұзақ мерзімге демалысқа шыққан жұмысшылар үшін МӘМС жүйесіне төлем жүргізу тәртібі

## Құқықтық негіз

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңның 30-бабы, 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік және азаматтық қызметшілердің аударымдарын және жарналарын есептеу (ұстап қалу) және аударуды жұмыс беруші ай сайын тұрақты жүргізеді. Заңның бұл нормасы міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алу құқығын алу үшін міндетті.

Заңның 29-бабы бойынша мемлекеттік және азаматтық қызметшілердің шегерімдер мен жарналарды есептеу үшін қабылданған табыстары осы баптың 4-тармағында белгіленген кірістерді қоспағанда, жұмыс берушілер есептейтін табыстар есебінен жүргізіледі.

Еңбек кодексінің 90-бабы, 1-тармағына сәйкес, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ұзақтығы қолданылатын жұмыс уақыты мен ауысым кестелерін және мереке күндерін қоспағанда, күнтізбелік күндермен есептеледі.

Яғни, демалыс күндерін есептеу кезінде әр айдың күнтізбелік күндері есепке алынады. Есептелген демалыс күндеріне сәйкес, әр айға аударымдар мен жарналар есептеледі. Егер демалыс бірнеше кезеңді (бір айдан астам) қамтитын болса, онда әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдерін кезеңге бөлу қажет.

**Мысалы, қызметкер шілде-тамыз айларында еңбек демалысында болды, жағдайда жұмыс беруші 1С бағдарламасында және/немесе клиенттік банкте төлемдерді бір сомада емес, бір қызметкердің деректерін екі рет көрсету арқылы есептеуі және төлеуі керек.**

Иванов И.И. сумма \_\_\_ теңге кезең ШІЛДЕ 2023 жыл

Иванов И.И. сумма \_\_\_ теңге кезең ТАМЫЗ 2023 жыл

Бұл алгоритм «Professionally PRO1С» 1С бухгалтерлік есеп бағдарламасында енгізілген.


**ҚАЖЕТ!** Бухгалтерлік есеп заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепке ТҮЗЕТУ ЕТІП, САЛЫҚ ОРГАНЫНА шілде, тамыз айларына ҚОСЫМША ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРЫҢЫЗ!

Жоғарыдағы ақпараттарды бухгалтерлік қызметті хабардар етулеріңіз керек !!!



**ФОНД  
МЕДИЦИНСКОГО  
СТРАХОВАНИЯ**

Нормами трудового законодательства установлено, что выплата отпускных должна производиться за три дня до выхода сотрудника в отпуск. Чаще всего период отпуска бывает «переходящим», т.е. начинается в одном месяце, а заканчивается в следующем. Сумма отпускных рассчитывается в целом за все количество дней отпуска (текущего и последующих месяцев) и выплачивается тоже «целиком», а не пропорционально количеству дней месяца, то и удержание налогов и взносов необходимо производить со всей суммы дохода.



Пояснение: В пункте 1 статьи 30 Закона «ОСМС» указано, что удержание и перечисление взносов за работников должно осуществляться ежемесячно. Производить расчет и перечисление взносов на ОСМС следует отдельно за каждый период, независимо от месяца выплаты дохода работнику.

Для того, чтобы начисленная оплата отпуска, а также суммы налогов, взносов и отчислений отражались в том месяце, за который они рассчитаны, в конфигурации необходимо установить следующие настройки: В регистре сведений Учетная политика (налоговый учет) на вкладке Зарплата необходимо убедиться в том, что не установлен признак Отражение по периоду регистрации.

Учетная политика (налоговый учет) \*

Записать и закрыть Записать Еще ?

Основная НДС Зарплата Налоги, взносы, отчисления

Параметры учетной политики

Отражение по периоду регистрации

Если флажок установлен, то вне зависимости от того, за какой месяц производится начисление отдельных видов зарплаты (отпуск будущего периода, больничный прошлого периода и т.д.), в целях налогового учета все начисления будут учитываться в том месяце, когда они были зарегистрированы.

Порядок закрытия задолженности по зарплате: По способу заполнения документа

При использовании метода FIFO, погашение задолженности по зарплате всегда будет происходить по остаткам, начиная с самого раннего месяца, за который имеется задолженность.

Распределять налоги, взносы и удержания по организациям и структурным единицам

Если флажок установлен, то суммы взаиморасчетов, налогов, сборов, отчислений и удержаний будут вестись в разрезе организаций и структурных единиц, использованных при начислении заработной платы

Распределять налоги, взносы и удержания по подразделениям организаций

Если флажок установлен, то дополнительным разрезом заработной платы будут выступать подразделения организаций, использованные при расчете начислений сотрудников организаций.





# Ұзақ мерзімге демалысқа шыққан жұмысшылар үшін МӘМС жүйесіне төлем жүргізу тәртібі

## 56 күнге демалысқа шыққан жұмысшылар

Мысалы: 1 шілде - 25 тамыз аралығында шыққан еңбек демалысындағы кезеңге **168 000 теңге** аударым жасалады.

Яғни, демалыс ақысы 31 шілде – 25 тамыз аралығындағы табыстан есептеледі. Осы табыстан жұмыс беруші МӘМС жүйесі бойынша жарналар мен аударымдарды төлеу қажет.

Бұл қызметкердің шілде айындағы еңбек демалысынан түскен табысы **93 000 теңге**, ал тамыз айындағы еңбек демалысынан түскен табысы **75 000 теңгені** құрағанын білдіреді.

**Дұрыс:**  
шілде айына аударым (КНП 121) – 2790,  
шілде айына жарна (КНП 122) - 1860 теңге;  
тамыз айына аударым (КНП 121) – 2250,  
шілде айына жарна (КНП 122) - 1500 теңге

Жұмысшының **12 ай төлемі** бар → **Сақтандырылған**

**Дұрыс емес:**  
шілде айына аударым (КНП 121) – 5040,  
шілде айына жарна (КНП 122) - 3360 теңге;  
Тамыз айына аударым және жарна төленбейді.

Жұмысшының **11 ай төлемі** бар → **Сақтандырылмаған**

## Ұзақ демалыс күндерінен төлемдерді дұрыс төлемеу салдары

**БЗЖҚ**

Өткізіп алған жарна зейнетақыны есептеу кезінде есепке алынбайды, бұл оның мөлшеріне әсер етеді

**МӘСҚ**

Жәрдемақыларды есептеу кезінде өткізіп алған жарна есепке алынбайды, бұл оның мөлшеріне әсер етеді

**ӘМСҚ**

Өткізіп алған жарна сақтандыру мәртебесі үшін есепке алынбайды, соның салдарынан МӘМС бойынша медициналық көмек қолжетімсіз болады



# МӘМС-ке қате төленген ақшаны қалай қайтаруға болады?

МӘМС-те төлемдерді басқа кезеңге **қайта бөліп төлеуге болмайды**, бірақ қайтарып алуға болады

Ол үшін өтініш жазу керек

**1** «Азаматтарға арналған үкімет» «**мемлекеттік корпорациясы**» **КЕАҚ-ға** төлемді растайтын құжаттарды (төлем тапсырмасы немесе банктен алынған анықтама) қоса беру қажет

**2** Мемлекеттік корпорациялар мекен-жайын **gov4c.kz** сайтынан алуға болады

**3** Өтінішті қарау **15 жұмыс күнінен аспайды**

**4** Төлем қандай түрде жүргізілсе, дәл солай қайтарылады

№2 Қосымша ҚР ДСМ 2017 жылғы 30 маусымдағы № 478 бұйрық  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015361>



## Мемлекеттік корпорация себептермен ақшаны қайтарудан бас тартуы мүмкін:

- Өтініште банктің деректемелері **дұрыс көрсетілмесе**
- Өтініш ҚР ДСМ 2017 жылғы 30 маусымдағы № 478 бұйрығы 1-қосымша бойынша жазылмаса
- Өтініште қайтарудың **дұрыс емес себебі** көрсетілсе
- Өтініште құжаттардың **толық емес пакеті** қоса берілсе
- Егер ақшаны қайтаруға негіз бомаса
- Если **растау** Қайтаруды Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын шетел азаматы (немесе шетелдіктің отбасы мүшесі) ресімдейді
- Қайтаруды Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын шетел азаматы (немесе шетелдіктің отбасы мүшесі) ресімдейді



# ЕДБ мобильді қосымшалар арқылы сақтандыру мәртебесін тексеру

## КАСПИ BANK ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ МӘРТЕБЕНІ ТЕКСЕРУ

- 1) **Kaspi.kz** мобильді қосымшасын телефонға жүктеп алыңыз
- 2) **Авторизациядан** өтіңіз
- 3) **«Мемлекеттік қызметтер»** бөліміне кіріңіз
- 4) **«МӘМС мәртебесі»** командасын таңдаңыз
- 5) **ЖСН** жазыңыз

Нәтижесінде сіз Сақтандырылған/Сақтандырылмаған мәртебеңіз және соңғы 12 айдағы төлемдер туралы ақпаратты аласыз. Егер төленбеген кезеңдер болса, оларды банк қосымшаларында бірден төлеуге болады.



## ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІНІҢ ҚЫЗМЕТІ АРҚЫЛЫ МӘРТЕБЕНІ ТЕКСЕРУ

- 1) **Halysk** мобильді қосымшасын телефоныңызға жүктеп алыңыз
- 2) **Авторизациядан** өтіңіз
- 3) **«Мемлекеттік қызметтер»** бөліміне кіріңіз
- 4) **«МӘМС»** батырмасын таңдаңыз
- 5) **ЖСН** жазыңыз

Нәтижесінде сіз Сақтандырылған/Сақтандырылмаған мәртебеңіз және соңғы 12 айдағы төлемдер туралы ақпарат аласыз. Егер төленбеген кезеңдер болса, оларды бірден қосымшада төлеуге болады.

Сондай ақ, бұл қосымша емхана мен тіркеу учаскесі туралы мәлімет алуға мүмкіндік береді. Ол үшін «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде «Анықтамалар» командасын таңдаңыз.



## ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ МӘРТЕБЕНІ ТЕКСЕРУ

- 1) **BCC.KZ** мобильді қосымшасын телефонға жүктеп алыңыз
- 2) **Авторизациядан** өтіңіз
- 3) **«Мемлекеттік қызметтер»** бөліміне кіріңіз
- 4) **«МӘМС ақпараттары»** командасын таңдаңыз
- 5) Өз **ЖСН-іңізді** енгізіңіз

Нәтижесінде сіз Сақтандырылған/Сақтандырылмаған мәртебеңіз туралы және соңғы 12 айдағы төлемдер бойынша ақпаратты аласыз. Егер төленбеген кезеңдер болса, оларды банк қосымшаларында бірден төлеуге болады.





# Каналы связи ФСМС



-  Бірыңғай байланыс орталығы 1414
-  Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
-  Медицина қызметкерлеріне арналған Qoldauinfo Телеграм каналы
-  Telegram-канал для населения «MedInform»
-  Медицина қызметкерлеріне арналған «Консультанты ОСМС»
-  Қордың Facebook-тегі ресми парақшасы
-  Қордың Instagram-дағы ресми аккаунты
-  Қордың ресми сайты



**Назар аударғаныңызға рахмет**